



«Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014»

Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

Рахимжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтіннің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

Редакциялық алқа:

Бас редактор - Бекет Қарашин;

Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин;

аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;

Құрастырушы - Бекет Қарашин

Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Бейменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

Редакционная коллегия:

Главный редактор - Бекет Карашин,

Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин (Москва)

Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;

составитель – Б. Карашин,

Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых





Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің атташесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

Шығармашылығы:

Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амазонкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-

РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахымжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

Творчество:

В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

Атақтары:

Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты, халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»

тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

Награды и звания:

Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».





БИ

Сол күні Атырау қаласының аэропортына шет елдің кенқұрсақ ұшағы ыңыранып келіп қонған. Тағатсызданған жолаушылар төгіліп түсті.

Қыркүйектің алғашқы аптасы. Күн шуағын сахилықпен үлестіріп, райлана қалыпты. Аспандағы ала бұлттардан ығыр болған қалың нөпір күту залын кесіп өтіп, сыртқы есікке лап қойды.

Әжім оюлап тастаған келісті жүз, кербез қимылмен Камилла ғана топ ішінен оқшау көрінеді.

Асығар емес. Етегі тобығын түрткен көк көйлектің қос сан қайшыласар тұстағы екі тиегін еркіне жіберіпті. Тобылғы түсті тоқ балтырлар «курортқа барып, күнге қақталып келе жатырмын» дегендей, аттап басқан сайын әлдекімнің көзақысын суырады.

Іргедегі Орал қаласында тұратын. Әншейінде андағайласып күтіп алушылар бұ жолы кешігіпті. Тағатсызданып айналасына алаңдаған. Құлаққа жармасқан көгілдір жақұт қос сырға да біреулерді

ТАНЕЦ

В тот день в аэропорту города Атырау, протяжно простонав, приземлился вместительный иностранный авиалайнер. Нетерпеливые пассажиры буквально кубарем вывалились из него.

Первая неделя сентября. Одарив ласковым солнечным теплом, она преображала всё вокруг. Густая лавина людей, изрядно утомлённая в соседстве пёстрых облаков, быстро пересекла зал ожидания и хлынула к выходу.

В толпе только Камилла смотрелась обособленно, выделялась своей грациозной походкой и правильными чертами лица, тронутого лёгким орнаментом морщин.

Она не спешила. Подол синего платья, достигая щиколоток, спереди расходился глубоким разрезом. Её полные икры цвета багровой таволги при каждом шаге притягивали взгляд окружающих, красноречиво говоря, что хозяйка их «ездила на курорт и загорала под жарким солнцем».

Жила она в соседнем Уральске. Встречающие её на этот раз почему-то запаздывали. Камилла в нетерпении оглядывалась по сторонам. Поблёскивали, будто тоскуя по кому-то, и две небесные брилли



жоқтағандай жалтыл қақты.

Жүзінен ренішті діріл жүгіріп өтіп, ұсақ-ұсақ әжімдері сынды. Алқымы қызарды. Жұмсақтық жоғалып, аялы қара көздердің қайраты оянды.

– Әй! – деді сосын өктем үнмен бойшаң теректің көлеңкесінде тұрған сыптығыр, сұлу мұрт сары жігітке. – Таксисің бе?

Онысы селк етіп, сызылып күледі.

– Бол десеңіз, болайық.

– Оралға жеткіз! Не сұрасаң да... Көнетоз «Мерседес» көлбендеп айдау жолын тапты. Артқы орындыққа жайғасқан Камилла аз-кем тыныштанды. Әжім оюлап тастаған келісті жүзінде мана үркіп кеткен жылылық қайта қонып, ұшып жүр.

Мынау не дейді, әй? Жай ма? Көрпе астынан күбірлегендей болмай даусын шығарса қайтеді? Е... – Қолыңыздағы көгілдір жақұт жүзік бетіңізді сипаған сайын алдағы айнаға шағылысып, көзімді қарықтырып келеді, – дейді ғой жазған.

Баяғыда күйеуіне еркелегенде тәп-тәтті ернінен екі елі тілін сүйірлеп көрсетіп үн-түнсіз күлетін. Аялы қара көздері айналасына сиқыр мен сұлулықты қоса қабат үлестіріп, жайнақтап тұрушы еді-ау! Сол күлкіні қайта тірілтті.

– Атың кім осы?

– Жәнібек.

– Жарайды. Руліне ие бол!

Күйеуі жарықтық көңілі кең, келісті-ақ азамат еді. Соның арқасында шығар, өмір бойы алтын тұтқалы ерініп ашылар емен есіктердің төрін босатпай өтті. Қарауындағыларға да жайлы-тын.

лиантовые серьги, украшавшие её уши.

По лицу пробежала обиженная дрожь, мелкие морщины переломились. На шее выступили лёгкие красные пятна. Исчезла былая мягкость, и в больших чёрных глазах пробудилась твёрдость.

– Эй! – обратилась повелительным тоном к стоящему под высоким тополем худощавому, с симпатичными усами на светлом лице, парню. – Ты – таксист?

Тот от неожиданности вздрогнул, но учтиво улыбнулся:

– Если прикажете, буду и таксистом.

– Отвези в Уральск! Что попросишь, то и получишь... Старенький «мерседес» лениво выехал на главную дорогу. Устроившись на заднее сиденье, Камилла стала понемногу успокаиваться и приводить себя в порядок. Украшенное морщинками лицо, вновь приобрело исчезнувшую было мягкость.

Что там он бормочет? О чём? Как-будто из под одеяла – говорил бы погромче! Э, так он, бедняга, говорит: «Ослепляет голубой сапфир на вашем безымянном пальце, когда вы гладите лицо, его блики, отражаясь в переднем зеркале, слепят мне глаза!»

Раньше, когда ластилась перед мужем, то высовывала меж сладкими губами кончик языка и показывала его, беззвучно посмеиваясь. О, тогда её большие глаза излучали волшебный, чарующий свет. Она попыталась воскресить эту давнюю улыбку.

– Как зовут тебя?

– Жанибек.

– Ладно, Жанибек. Следи лучше за дорогой, а не за моими пальцами.

Муж её, покойный, был статным, широкой души человеком. Может, благодаря этому, на протяжении всей своей жизни почивал в дорогих кабинетах, с лениво открывающимися дубовыми дверями и с дверными ручками почти что из чистого золота. К подчинённым был добр.



Зейнетке шығар алдында Оңтүстік Африканы армансыз аралатқан. Жартасты жағалауда кісіден үрікпей қойындасып жүзетін пингвиндермен қоса шомылған.

Жібек шәлінің бетіндей шымырлап қалған суы неткен сүйкімді еді?! Өн бойыңды аялай сипап, жылы ағыс боп қытықтап құмарын қаралай қоздырған.

Сонда ғой Кейптаунның қымбат дүкендерін кезіп көк көйлек, көгілдір жақұт, сары көйлек, сарғыш жақұттарды самсатып сыйлағаны.

– Қос-қостан алып қайтесің? Мені ұзатайын деп жатқан жоқ шығарсың? – деген сонда тәп-тәтті ернінен екі елі тілін сүйірлеп көрсетіп.

– Көгі – біздің өтіп кеткен жастық шағымыздың белгісі. Ал сарыны ертең мені сағынғанда киерсің.

Жүрек тұсын сипап жұмсақ жымысып тұрған күйеуінің қоңырқай жүзінен бір қауіпті сезген.

– Қайдағыны айтпаш! Елге барған соң асықпай емдел. Таста жұмысты.

– Көгерміз. – Кім ауырмай жатыр?

Сол сөзіне періште «Әумин» деп жіберіпті. Араға алты ай түспей жатып иініне сары көйлекті ілген. Сарғыш жақұттарды самсатып таққан. Жалғыз басы қыдырып қайда барсын?

Шүкірлігі кем қоңырқай кештерде мұнды азық қылатын. Қиялға сүйенетін. Жылдар жылжыған сайын сары көйлек тұрмақ сағыныш та тозады екен.

Алыстан көзін ашып-жұмып Оралдың оттары да көрінді. Жол қуалап діңкелеген сыптығыр, сұлу мұрт сары жігіт артқа мойын бұрып:

– Шаршаған жоқсыз ба? – деп сызылады.

Қатары бұзылмаған аппақ тістерін ақсита күледі.

Перед уходом на пенсию организовал для них коллективное путешествие по Южной Африке. Она тоже купалась там, у скалистых берегов, рядом с пингвинами, не боящимися людей.

Воды тех мест так притягательны, так мягки – словно шёлковая вуаль. Обволакивая всё тело тёплым своим течением, щекотали и будоражили чувства.

Вот тогда, разгуливая по дорогим магазинам Кейптауна, он и подарил ей среди множества других подарков синее платье и кольцо с синим драгоценным камнем. И ещё – жёлтое платье, и кольцо с жёлтым драгоценным камнем.

– Зачем покупаешь их так попарно, одно за другим? Замуж выдать, что ли, решил? – шутила тогда она, высунув меж сладостными губами кончик своего острого язычка.

– Синее – в память о нашей ушедшей молодости. А жёлтое станешь носить тогда, когда придёт пора скучать обо мне.

От улыбки мужа, медленно поглаживающего левую сторону своей груди, стало не по себе.

– Не мели чушь! По приезду сразу же пойдёшь лечиться. Работа не сбегит.

– Посмотрим. Кто не болеет в наше время?

Но его слова, в конце концов, оказались пророческими. Не прошло и шести месяцев, как она примерила жёлтое платье. Разукрасила пальцы жёлтыми камнями. Куда ей, такой, было податься?

Коротала в одиночестве вечера, погружаясь в печаль. Мечтала о прошлом. Но по истечении времени оказалось, что не только жёлтое платье, но и сама память о прошлом – изнашивается.

...Издали разом показались мерцающие огни Уральска. Изрядно вымотавшийся от езды, худощавый, светлолицый парень с красивыми усами, повернул голову и вежливо спросил:

– Вы не устали?

И, оголив ровные, белоснежные зубы, улыбнулся.



Мана байқамапты, өзі көрер көзге көп-көрім екен.

– Жоқ, рахмет! Көптен таксиссің бе?

– Бірер жыл. Инженер едім. Бала-шағаның қамы.

– Отбасыңда кім бар?

– Әйелім – аты Әсем. Сосын бір ұл мен жалғыз қыз.

– Жақсы екен, – деген бұл неге риза болғаны белгісіз. Әжім оюлап тастаған келісті жүзін алақан жүгірте сипап.

– Мына көшеден оңға бұрыл! Әнеу тұрған биік коттедж.

Камилланың курорттан оралғанына бәрінен бұрын қуанған иті мен мысығы болды. Көршісіне тапсырып кеткен. Ләззаты арсалаңдап келіп мойнына асылып босатар емес.

Сағы мияулап тізесіне қарғып әлек. Екеуін де асырап жүрген жарықтық күйеуі. Көз ашпастан алып келіп бәйек болған.

– Еркек күшікке Ләззат деп ат қойғаны несі? – деген сонда бұл.

– Неше түрлі иттік қылықтарынан ләззат алып отырамыз. Оның несі жаман? Қарашы, сүтті қауып ішіп жатыр. Қабаған болайын деп тұр. Мысығымызды Сақ дейік. Мұрны қып-қызыл. Иісшілдің тұқымы.

Тотықұс сатып алсақ, Терге дейік. Торда қамалып отырса да үйге кірген-шыққанның бәрін тергеп-мошқап бітсін, бәлем!

Қоңырқай жүзінен күлкі айырылмай тұрған келісті кейпі көз алдында көлбеңдей берді. Фәниден ерте өтерін біліп, ес болсын деген ғой.

Ол тірі болса, курортты жалғыз өзі жабырқап кезер ме еді?

Ол тірі болса, түн ортасында таксилетіп жүрер ме

До этого не заметила, но сейчас обратила внимание: на вид он довольно приятен.

– Нет, спасибо. Давно на такси?

– Несколько лет. Был инженером. Семья, дети – вот и бегаю, бомблю.

– Семья большая?

– Жену Асем зовут. Есть мальчуган и дочка.

– Это хорошо, – сказала, почему-то довольная его ответом. И погладила пальцами своё красивое лицо с едва заметной сеткой морщин.

– На этой улице заверни вправо. Вон тот высокий коттедж.

Возвращению Камиллы с курорта больше всех радовались собака да кошка. В её отсутствие за домом присматривали соседи. Ляззат*, игриво ласкаясь, бросился на шею.

А Саки**, мяукая, всё норовила запрыгнуть на колени. Когда-то их приютил покойный муж. Когда принёс их в дом, они ещё были слепыми.

– Зачем давать щенку женское имя Ляззат? – недоумевала она тогда

– А что в этом плохого? Посмотри, как лакает молоко. А кошку назовём Сак. Носик-то у неё красивый. Значит, чуткая на нюх.

Если приобретём попугая, давай назовем Терге***. Сидя в клетке, будет, как следователь, устраивать допросы всем нашим гостям.

Улыбка, не сходявшая с его красивого, смуглого лица, до сих пор мерцает перед глазами. Он как будто бы знал, что недолгим будет его срок в этом мире – в том числе и срок их совместного счастья.

Был бы жив, бродила бы она вот так, в одиночестве, по курортам?

Ездила бы по ночам на случайных такси? Вон



еді? Тұр ғой «Лэнд Крузері» ақалтекенің арғы-мағындай боп қаңтарылып, ер-тұрманы бар да, иесі жоқ.

Ол тірі болса... Құрысыншы, жеті жыл жоқтағанда моладан басын бір көтеріп жеті ауыз сөз айтуға жарамады...

– Шаршап келдіңіз. Мен қайтайын, – деген Жәнібек бөлмеге қол жүгін көтерісіп кіргізіп жатып. – Артығымен төледіңіз. Рахмет.

– Түн ішінде қайда барасың?

– Қонақ үйге. Таң қылаң бере кері жүрем.

Жүзіне анықтап қараған. Көзінің жігері бар. Ішкі ерік күші де, тәуекелі де бетінде қалқып тұр. Өрге салсаң ойланбай озатынның өзі сынды.

Машина қажытқан шығар, тек сұлу мұрты сұйықылтым тартыпты. Мұндайларға тірліктің ұсақ түйткілдері теңдік бермей кес-кестейді. Мысын басып... Әйтпесе...

– Қон осында. Қазір шай жасаймын.

Дастарқан басына шырт-шырт түкіріп лезде шәйнек те жеткен. Жанынан томпаңдап қысқа мойын аққұман да қалар емес.

Виски де бой түзеді.

Сары май мен жапсарласа жатқан қара уылдырық көздің жауын алады. Мырза қолмен туралған сүр қазы қандай?! Дөңгеленіп барып таңдайыңда еріп жоғалады.

– Кел, Жәнібек, – деді Камилла өзімсіне, вискидің ындыны кең бокалына мұз тастап жатып. – Тартып жібер! Тыңайып қаласың.

Әңгіме қызып жүре берген. Әсем мектептің мұғалімі екен.

Қызы университеттің үшінші курсында. Ұлы тентексоқтау боп оқымай қалыпты. Жұмыс іздеп жүр дейді.

ведь, во дворе, словно ахалтекинец на привязи, стоит «Ленд Крузер». В полной сбреуе, да без хозяина.

Был бы хозяин жив... Да пропади оно всё пропадом: за семь лет её безутешных оплакиваний не смог хотя бы приподнять голову и вымолвить хотя бы семь слов...

– Вы устали с дороги. Я поеду, – сказал Жанибек, занося сумки в дом. – Заплатили больше нужного. Большое спасибо!

– И куда ты поедешь среди ночи?

– В гостиницу. А как начнёт светать, двинусь обратно.

Внимательно взглянула на его лицо. Волевой парень. Если б кто-нибудь запустил его ввысь, он, не долго думая, опередил бы многих.

Ясно, что профессия тяготит его. Таким-то в большинстве случаев и перерезают путь вверх. Перерезают не только завистники, но и множество мелких жизненных неурядиц. Отягощая их и, в конце концов, – ломая... А то бы...

– Куда тебе, ночуй здесь. Сейчас приготовлю чай.

В одно мгновение накрыла дастархан, из кухни принесла закипевший чайник. Сразу же за ним подоспел и заварник.

Поставила виски.

Домашнее масло вместе с чёрной икрой заворачивали глаза. А какой казы*, нарезанный щедрой рукой?! Прямо тает во рту...

– Попробуй, Жанибек, – сказала Камилла по-свойски, бросая лёд в широкий бокал с виски. – Выпей. Сразу взбодрисься.

Беседа в разгаре. Оказалось, что его Асем – учительница в школе.

Дочь же учится на третьем курсе в университете. Сын оказался на редкость шкодливым, поэтому и не получил должного образования.



– Өзім зауыттың мынау деген инженері едім. Басшы ауысты да, қысқартуға түстім. Қызыма құда келгелі отыр.

Амал жоқ, жол бағып таксист боп кеттім, – деген вискидің қуаты бойға шым-шымдап жайылған соң тілінің тұсауы босап.

– Болашақ құдамыз мұнай саласында, дәулетті көрінеді. Қоржындарын өңгеріп сау ете түссе, қуықтай екі бөлмелі пәтерімізді қалай көрсетеміз деп қаралай жерге кіріп болдық.

Ақшасы жоқ адам да бір бұ заманда, тобанаық та бір.

– Айтшы, айына қанша табасың?

– Мың доллардың маңы.

Жәнібектің үзіп-жұлып айтқан әңгімесі вискиден сынар қасықтап ұрттаған сайын мұның жанына жаға түскен. Алдын ашып жіберсе, ескен желдей аңқылдай соғар азамат екенін мана байқамады ма?

Қызыл ағаштан қиыстырып ойған алуан жиһазға көз құмары қанбай отырған Жәнібек бір уақ:

– Ағамыз... – деп қалып еді, Камилла сөзін аяқтатпай кесе салды:

– Жесірмін. Құдай бізден жұртқа қиған бір шаранасын да қызғанды. Жақсыны жоқ жерден қысатын әдеті ғой...

Алқымы қызарып, әжім оюлап тастаған келісті жүзінде өкініш пе, шарасыздық пашарпысып жатты.

Аялы кара көздерінде мөлт ете түскен ыстық жас төгіліп, бетін сызбады. Кері жұтылып жоғалды.

Жуан бөксе виски сарқылған соң, қарама-қарсы екі бөлмеге төсек те салынған.

Камилла төсекке басым жетісімен қор ете түсермін деп ойлаған. Қайдан?! Көптен татып алмап еді.

– Сам я был на заводе ведущим инженером. Сменилось начальство, тогда и попал под сокращение. А за дочкой скоро сватов засылать собираются.

Выхода не осталось, пришлось сесть за баранку, так и стал таксистом, – откровенничал он. Тепло холодного виски распространялось по всему телу и развязывало ему язык.

– Узнал, что будущий сват – нефтяник, говорят, очень состоятельный. А если сваты нагрянут, как снег на голову, то как мы покажем им нашу тесную двухкомнатную квартиру?

Да ничего поделывать не можем. В наше время, что без денег, что босой, – одно и то же.

– Скажи, сколько зарабатываешь в месяц?

– Где-то тысячу долларов.

Рассказы Жанибека с каждым глотком виски становились для неё все приятней и притягательней. Он откровенен и добродушен, словно прохладный ветер, заглядывающий в оголённую грудь. Как она раньше это не заметила?

Жанибек, оглядывая мебель, вырезанную из красного дерева, невольно вымолвил:

– Хозяин?.. – и не успел докончить начатое, как его перебила Камилла.

– Вдова я. Судьба-завистница забрала у меня единственного. Хорошего человека всегда постигает беда там, где её не ожидаешь.

У неё даже шея покраснела, красивое лицо под сетью мелких морщин опалили то ли сожаление, то ли безысходность.

Слёзы, заполнившие глаза, так и не смогли прокатиться по щекам. Поплескались в глазницах и исчезли.

После того, как иссякла пухлая бутылка, в противоположных комнатах дома была приготовлена постель.

Камилла думала, что после первого же прикосновения к подушке её окутает сон. Да вышло не так. Давно уже она не прикасалась к спиртному.



Қараңғы бөлмеде қаралай желігін көтеріп, бойын қыз-қыз қайнатуын. Тіпті қиялы байып, соңында тозандатып қалған жылдар көңіл терезесінен сығалап қойсайшы.

Осы босағаға келін боп түскен шағы-тын. Жалғыз ұлына жар болғанымен, енесінің қабағынан татау кетпеді.

Атасы ұзын бойлы, байсалды адам еді. Обалы не, ләм демеді. Қолтоқпақтай қара кемпірдің ғой бабы таптырмаған.

– Шала қазақтың қызын алып... Жылтыраған бетіне ас құйып ішеміз бе? Жылдан асты, қысыр жыландай қайқаң қағады... Ернімізді тұщытар дейсің бе осы?!

Енесінің мұндай сөзіне еті әбден өлген. «Көрер қызық алда. Жаспыз ғой...» деген. Құс қанатын байлаған жылдарға дауа бар ма?

Тәй-тәй басып құлаған немерені армандаумен ата-енесі де аз ғұмырын тауысты. Күйеуі сыр бермегенімен, Камилланың шыдамы ақыры үзілді.

– Ажырас! Бағыңды байламайын. Өкпем жоқ, – деген бірде көктемге салым. Үнсіз кеткен. Кейін есітті. Обкомға барып ақылдасыпты.

– Үлкен өндірісті сеніп тапсырдық. Айтпа ондайды! Партия кешірмейді, – депті хатшы ызғар шашып.

– Әйелді партия емес, алған мен ғой...

– Қызыл билетті төсқалтаңа салып жүріп бір-ақ әйелмен қойындасуға болады. Онда да өз жұбайыңмен. Сен болсаң сасай бұқа құсап... Тоқтат, жолдас! Көнбесең, айда, қайқай!



Теперь, в тёмной комнате, всё тело горело пламенем. Дикие фантазии манили за собой, а воспоминания об ушедшей молодости то и дело подглядывали в окна её души.

Было время, когда она переступила порог этого дома молоденькой невесткой. Хотя и была желанной для своего суженого, но всегда ловила на себе хмурые взгляды свекрови.

Свёкор же её не донимал. Был высоким, спокойным человеком. За всю совместную жизнь муж не произнёс по её адресу ни единого худого слова. Только его мать, бабка-колотушка, до конца своих дней всё зудела и зудела.

– Взял в жены дочь шалаказахов*... Привёл в дом бесплодную змею, ишь, как извивается... Не будет с неё проку!

Но укусы свекрови она переносила равнодушно. Всё ещё впереди, мы ещё молодые, успокаивала себя, ещё пойдут детки. Но разве можно вернуться от всепоглощающего времени, которое даже птиц на лету ловит, хватая за крылья?

Так и завершили свой век дед с бабкой – в мечтах о внуке, который бы делал свои первые шаги по жизни на их любящих глазах. Муж не подавал виду, но теперь уже терпение самой Камиллы было на исходе.

– Разведись! Не хочу больше мучить тебя. Я не обижусь, – сказала в одну весеннюю ночь. Он же ушёл от ответа. Позже узнала, что ушёл не только в переносном, но и в прямом смысле: пошёл просить совета в Обком.

– Тебе доверили огромное предприятие. И ни о каком разводе даже и не говори! Партия такого не простит! – со всей суровостью сказал тогда ему секретарь.

– Но женился ведь я, а не партия...

– С партбилетом в кармане можно жить только с одной женщиной! И только со своей законной женой. А ты – как никудышный бык-производитель... В общем, хватит, товарищ! Если будешь возражать, то можешь идти на все четыре стороны! Без партбилета – живи, с кем хочешь.



Лауазымның дәмін енді тата бастаған жас бастықтың мына сөзге қайтіп дәті шыдар? Тып-тыныш қалған. Бір күні:

– Осы бала асырап алсақ қайтеді? – деп тұр.

Енді шалқақтап бұл көнбеді. Ертеңді-кеш ұлардай шулап жататын жаутаңкөздердің бірін алар-ау. Бірақ ол кімнің нәсілі?

Әкесінің қаны бұзақы біреу ме әлде шешесі ауру-сырқаулы ма? Тіпті арқан үзген алаяқ болса қайтеді?

Өсе келе тұқымға беріліп, козып кетер. Оңаша ордаңа ойранын салар. Ал сосын ақ сүтінді беріп алып арпалыс та жат...

Ашық қалған есіктен аңдады, сыптығыр, сұлу мұрт сары жігіт те ұйқысыз жатқан сынды. Әлдене ойына оралғы боп әлсін-әлсін күрсінеді...

Басқа ермек қалмағасын Камилла байлықтың соңына қиқулап түскен. Бұл да бір сиқыр. Қусаң – жеткізбейді. Тоқтасаң – көз алдында көлбең-көлбең қағып тұрып алады.

Ертедегі есті шалдар: «Ұрпақсыз әйелдің қызыл-жасылды дүние түбі баласына айналады. Соны өбектеумен күн өткізеді», – деген екен...

Орнынан тұрып кетті. Аяқ-қолы күйіп-жанып байыз таптырар емес. Су құйып ішті. Бойын жайлап алған өрт бәрібір бой берер болмады.

Мамықтай жұмсақ төсектің астына тас батқандай болуын. Әрлі-берлі дөңбекшітуін.

Жылтырақ көрсе іліп кететін сауысқан құсап осы әдіре қалғыр дәулетті не үшін жинады? Кімге мұра болады деп жанықты?



Больше возражать начинающий начальник не отважился. Утихомирился, успокоился. В один из дней предложил Камилле:

– Может, усыновим чужого ребёнка?

Но теперь она уже не хотела уступать. В самом деле: ну, возмёт он рано или поздно из толпы сирот, шумящей как индюшата, одного их них. А какого тот происхождения?

Вдруг кровь его отца была дурной или мать боле-ла чем-то неизлечимым? А может, из породы неисправимых аферистов и головорезов.

Потом, по мере взросления, всё проявится – в повадках и характере приёмыша. Устроит в доме погром! Воюй на старости с тем, кого сама и вскормила своим молоком!...

Так и прислушивалась сквозь свои же вдовьи мысли в сторону открытых дверей. Худощавый, светлолицый парень с красивыми усами, вроде, тоже не спит. Как будто что-то окутало и его мысли – временами глубоко вздыхает...

Да, дети у неё так и не появились. Нечем было утешиться. И Камилла всем своим необузданным нравом ринулась в гонку за богатством. А это – как мираж. Сколько ни гонишься, – не догонишь. Хочется большего и большего. Остановишься, а всё равно будет что-то, недостижимое, манить, мерцать перед глазами. Не догонишь.

В старину говорили: «Для бесплодной женщиныжитое имущество заменяет дитя. И в уходе за этим добром так и пройдёт вся её бесплодная жизнь».

...Не вспоминать! Не думать! Вскочила с места. Всё тело в жару. Налила себе прохладной воды. Но жар не затухал.

Как будто камень запрятан под её мягкой, пуховой постелью. Поворачивалась с одного бока на другой, а он всё равно оказывался прямо под душою.

Зачем же она, как сорока, падкая на всё блестящее, собирала это проклятое богатство? Кому намеревалась оставить в наследство?



Тұр ғой иық тірестіріп самсап. Басың ауырып, балтырың сыздаса қайсысы ерніңе ылғал тамызды?

Бәрін қосқанда, бақа басты болса да бір балағатати ма? Тым болмаса қалған аз ғұмырына сүйеніш болатын бір пендеге көңіл тоқтатпағаны қалай? Ендігі жерде құшағын толтырмағанмен көңілін ортайтпас еді ғой...

– Жәнібек!

Даусының оқыс шығып кеткенін өзі де аңдамай қалды.

– Камилла!

– Келші қасыма!

Жамыл көрпе жалп етіп жерге құлады... Жамбасқа батқан тас жоғалып, мамықтай жұмсақ төсек жоғары-төмен тербеле түсті.

Шынжыр үзердей боп жұлқынып сырттан Ләззат үрді. Сым бойымен жүгіріп, шауып жанталасты.

Жіңішке үнін гармонның даусындай созып Сак мияулайды.

Бір жыл бұрын Тергенің өліп қалғаны мұндай жақсы болар ма, әйтпесе, сәскеге дейін құшағы жазылмаған екеуін қарғап-сілеп бітер еді.

Ашқарақ ындын тояттап, жаны жайланған сәтте Камилла:

– Маған айдаушы боп кел... Екі мың доллар... Жағдайыңды жасап берем... – деген әр сөзін сағыздай созып. Басы жұмсақ жастықта домалап жатқан сұлу мұрт сары жігіт ризашылықпен жымыды.

Араға апта салып Жәнібек қайтып оралған. Зарыға күткен екен, бұл да қунап, шырайланды. Келісті жүзде әжім салған ою жоғала жаздап, әр жерінде ғана сыңар шаштың сынығындай табы білінеді.

Жарық дүниеге назырканып емес, наздана қа-

Вон, стоит же всё безмолвным грузом. Если вдруг занедужишь и обессилишь, некому будет поднести к твоему рту и каплю живительной влаги!

Вот и получается, что ничто не может восполнить отсутствие, пусть и похожего на лягушонка, но своего ребёнка. Почему же она так и не остановила свой выбор на ком-то, кто мог ей стать опорой к старости? Пожила бы если не для тела, то хотя бы для души...

– Жанибек!

Сама не ожидала от себя такой прыти.

– Камилла!

– Иди сюда!

Укрывавшее его одеяло спало на пол... Камень, не дававший покоя бокам, сразу же исчез, мягкая пуховая постель закачалась, как на волнах...

Снаружи, срывая цепь, свирепо лаял Ляззат. Озлобленно бегал, гремя цепью, взад и вперёд по натянутой проволоке.

Тонким голоском, словно запавший высокий звук гармонии, мяукала Сак.

И как хорошо, что этого не видит Тот, который когда-то подобрал и её, и год назад ушёл из жизни. Иначе проклял бы эту пару, до позднего утра не выпускавшую друг друга из жарких объятий.

Как только насытилось истосковавшееся желание, Камилла, растягивая каждое слово, словно жвачку, предложила:

– Будешь возить меня... Две тысячи долларов... Все твои проблемы решу... Каждым словом затягивала, как петлёю. Худошавый, светлолицый довольно улыбнулся.

Спустя неделю, Жанибек возвратился. Заметно было, что Камилла томилась в ожидании: завидев его, преобразилась, расцвела. Морщины на лице почти разгладились.

Теперь глядела на мир не сквозь печаль, а глаза-



рады. Сары көйлек пен сарғыш жақұттар енесінен қалған жалғыз сандықтың түбіне қайтып шықпастай боп түскен.

Әдеттегідей тағы да итін әуіпдетіп, мысығының жіңішке үнін гармонь даусындай создырып, мияулатып шыққан түні жарықтық күйеуі түсіне енген.

Өкпелегендегі әдетімен қоңырқай тартып, бір қырындап отыр екен.

«Басыма көптен келмей кеттің ғой, – дейді. – Енді көк көйлекті киіп, көгілдір жақұтты тақпай-ақ кой.

Жарасатын жаңасын сатып алсаңшы. Ит пен мысықтың да обалы бар шығар, жандарын қинамай таныстарға беріп жіберсеңші...»

Бұл да бірдеңе айтқысы келген, тамағы құрғап үні шықса ше. Бастығырылып қалыпты. Терге малшынып оянды.

– Кінәлай бер, – деді орнынан тұра сала күйеуімен айтысқа түсіп. – Жалғыз басым жанымды шабақтап қашанғы отырам? Ең болмаса есіктен сығалап кетер біреуің бар ма?

Білем сені де, тірлігіңде не бүлдіргеніңді. Қаруыңдағы әнебір күлімкөз бойдақ келіншекпен өмір бойы әуейі болдың.

Тілімді тістеп, іштен тындым. Кеткен есесі болса алсыншы дедім. Әлде естімей, көрмей-білмей жүрді дедің бе?

Содан кейін анда-санда шым ете түсер ұяты тарап, бойы жеңілдеп сала берген...

Сыптығыр жігіт келе-келе қозы қарын байлап, тіпті көріктене түсті. Жаңа, жайлы қонысқа көшіріп, бала-шағасын бір қуантып қайтты. Артынша ырғап-жырғап қызын құтты орнына қондырып оралды.



ми, полными нежности. Жёлтое платье и кольцо с жёлтым драгоценным камнем безвозвратно погребены на самое дно сундука, перешедшего ей от свекрови-колотушки.

В ту ночь, когда они, как и в прошлый раз, заставили в бешенстве лаять собаку и протяжно, как гармонь, мяукать кошку, во сне к ней явился покойный муж.

Сидел, угрюмый, повернувшись к ней боком, как делал это и при жизни, когда был чем-то недоволен.

– Перестала ходить на могилу, – говорил он. – Что ж, больше не надевай синее платье и не носи кольцо с синим драгоценным камнем.

Купи себе то, что тебе сейчас больше всего подходит. И не мучай собаку с кошкой, пожалей, отдай их в добрые руки...

Она тоже хотела было ответить, но в горле что-то встало комом, пересохло во рту, язык не повиновался. Проснулась вся в поту.

– Обвиняй, как можешь, – начала препираться с покойным мужем, когда проснулась. – До каких же пор буду так одинока? Хоть бы одна живая душа хоть бы раз заглянула в двери...

Думаешь, не знала про твои похождения? Всё время крутился вокруг той незамужней, с игриво смеющимися глазами, бабёнки, что работала у тебя.

Я тогда свой язык прикусила и молчала – а ты сейчас? Думала, пускай уж возьмёт своё, если я что-то не додала. Думаешь, что один ты всё видишь, а я ничего не знала и не слышала?

После разговора с покойным мужем душа перестала так жалобно щемить, и она вздохнула с облегчением...

Худощавый парень спустя какое-то время заметно поправился, появилось пузо, стал выглядеть ещё красивее. Перевёз своих на новую квартиру, чем сильно обрадовал их. Выдал замуж дочку, проводил её под венец, как полагается.



Ел аузына қақпақ жоқ. Кірісің мен шығысың қаймана қазақтың көңіл таразысына күнде бір түсер. Жоғыңда қоржыныңа олжа сала алмайтын ағайын барыңда алақөзденіп бітер. Өйтпесе ішкені бойына жұға ма?

– Бәсе, Жәнібектікі қайдағы бизнес десек, бір алжыған кемпірдің қолына кіріп алыпты.

– Соның байынан қалған дәулетін сорып, үйіне тышқандай тасып жүрген көрінеді.

– Өзінің басы істемесе не аяғы жүрмесе қайтсін?

– Әйтеуір бір жерінің қайырын көру керек қой.

– Арамнан байығаннан адалынан аш-арық жүрмей ме жазған?! Бұл өсек бауырымен жыландай жорғалап, екі айыр тілін салаңдатып Әсемге де жетіпті.

Тіпті бір құрдасы:

– Сыланайын десем, байдан қорқам, сыланбайын десем, тоқалдан қорқам деп жүрсің бе? – деп қылжақтапты.

О, антұрған! Сол күні отбасына кезекті оралғанда шар ете қалған шатақтың ортасына түскен. Екі көзі бұлаудай болған Әсем бет бақтырар емес:

– Қайдағы шетелдік компания десем... Айтқаныңның бәрі өтірік! Өзіңнен екі мүшел кәрі кемпірдің қойнына барып...

Ойы-бай, енді қай бетімді жыртайын?! Ел-жұрттың көзіне қайтіп көрінейін?! Одан да менен жиырма жас кіші қызға қырында-дағы, басқан ізіңнен садаға кетейін... Айғырлығың шыдатпай бара жатса...

Сай-сүйегінді үнгіген сұңқылға шыдас беру мүмкін емес. Шындығы түскір алды-артын бірдей шырмап тастады.

Народу рот не закроешь. Доходы твои и расходы не оставят в покое даже постороннего человека. Родственники же, которые не способны тебе помочь в твоей нужде, будут завистливо коситься на твой достаток. Иначе и кусок им в горло не полезет.

– Вон оно что!.. А мы-то гадали, какой у Жанибека бизнес, а он пригрелся под крылышком одной безумной старушки.

– И потихонечку, как ловкая мышь, таскает к себе в дом добро, оставленное ещё её мужем.

– А что ж ему делать, если башка не варит, а руки не шарят?

– Должен же он иметь выгоду от какого-то тёплого Места

– Чем богатеть на таком, уж лучше голодать. Бедолага. Подобные сплетни, как ползучие змеи с раздвоенным жалом, дошли и до Асем.

Даже один из её сверстников как-то подшутил:

– Ты что, хочешь сказать: подкраситься – мужа боюсь, а не подкрашусь – токалки* страшусь?

О, неразумный! В тот день Жанибек сразу по приезду домой нарвался на скандал. Опухшие глаза Асем извергали ярость.

– Думала, что это за такая щедрая иностранная компания?.. А всё, что ты говорил, оказывается, ложь! Пригрелся у старухи, которая вдвое старше тебя...

Стыд какой... Как я теперь людям в глаза посмотрю... Лучше бы выбрал девку на двадцать лет моложе меня, я бы ноги тебе целовала... Да если тебе мало меня...

Выдержать женский пронзительный клёкот, пробирающий до костей, дело трудное. Но правда, жестокая правда, ополчилась на него со всех сторон.



– Енді өздеріңнің қамдарың ғой. Осы дәулеттің бәрі аспаннан жаумаған шығар? – деген даусы жуасып.

– Қушиған иінің құрсын сенің! Әне, ұлың жүр, оқу жоқ не жұмыс жоқ. Өзіндей тентектерге еріп нашаға ауызданыпты. Түн ортасында келді. Ес-түс жоқ. Желігің тарқамай жүріп оған көңіл бөлем дейсің бе?!

Есік көзінде қаңтарылып тұрған «Лэнд Круизерге» қалай отырғанын білмейді. Айдау жолға түсіп, жұлдыздай ағызып келе жатып қана ес жиған.

Сол күні... Жәнібек Астанаға, алыс ағайынның тойына жиналған.

– Мен де барам, – деді Камилла қолма-қол тұтанып. – Саған екі жыл қатын болғанда бір мәрте бой жазып еріп шығуға жарамаймын ба? Әлде сыныңды бұзам ба, сымбатыңды қашырам ба?

– Жарайды. Бірге барайық.

– Тойға Әсем де келе ме?

– Солай шығар...

Бір жолы үйге күйеуінің немере қарындасы келген. Келе жесір жеңгесіне тиісті.

– Ағамның шымшып жинаған бар дәулетін судай шаштың. Кезінде осы бедеу қаншықты қақ бастан бір салып айдап шық дедік. Көндің бе?

Басыңды дуалап алған соң. Біліп ек адал төсегін арамдайтыныңды. Қаз орнына қарға қондырып...

Сен өлген күні сотқа беріп мына коттедж бен машинаны тартып алам. Тап осыны істемесем, атым өшсін! Көр де тұр! – деп күлін сабалаған.

«Аларсың! – деген бұл ашып айтпаса да іштей ерегесіп. – Саған тұтам жіп қалдырмаспын. Бәрін де жанымдағы Жәнібекке, тым құрыса, итім мен

– Да ведь я пошёл на это лишь ради вас! Достаток, что пришёл к нам, не свалился с небес, – вымолвил он, умоляющим голосом.

– Смотреть жалко на твои нюни. Вон, сын твой, погляди: ни учёбы, ни работы. Связался с такими же, как сам, хулиганами, анашой балуется. Пришёл домой поздно ночью. Вид невменяемый. Тебе – не до него. Ты занят своими интересами, не можешь ему уделить внимание!

Он не помнил, как сел на «Лэнд Круизер», стоящий возле дома. Пришёл в себя только тогда, когда, словно падающая звезда, уже стремительно нёсся по трассе.

В тот день Жанибек собирался на свадьбу к дальним родственникам в Астану.

– Я тоже поеду, – сказала, зажигаясь ни с того, ни с сего Камилла. – Уже два года я тебе – как жена, и что ж, нельзя мне с тобою выйти на люди? Или, может, не к лицу я тебе, а?

– Ладно. Поедем вместе.

– Асем на свадьбу тоже едет?

– Может, и так...

За несколько дней до того в её дом нагрязнула сестра покойного мужа. И сразу же начала браниться со снохой-вдовой.

– Всё состояние, что по крупицам собирал мой брат, ты сливаешь как воду. Твердили ему при жизни, чтобы он пал кой прогнал бесплодную суку! Да разве послушался?!

Ходил, как заговорённый. А мы уже тогда знали, что осквернишь ты его чистое имя. На ложе лебедя пригреешь ворону...

В день, когда ты сдохнешь, отберу у тебя всё через суд – и коттедж, и машину. Да будет проклято моё имя, если так не сделаю! Подожди! Вот увидишь! – кричала она в истерике.

«Жди! Получишь!» – сказала про себя Камилла, сдерживая ярость. – Тебе даже нитки не оставлю. Всё, что есть, передам Жанибеку, в крайнем слу-



мысығыма өсиеттеп кетермін».

Астананың ақшаңқан мейрамханасында той қызып жүре берген. Сұлу мұрт сары жігіттің жанында көк көйлек, көгілдір жақұттары жарқырап бұлда отырды.

Елдегідей емес, Астананың халқы қызық екен. Қай қонақ қасына кімді ертіп келді, не жеп, не деп жатыр, шаруасы жоқ. Қалай дегенмен мәдениетпен ерте ауызданған орта ғой.

Келесі столда отырған Әсем бұларға назарын да салмады. Әр қимылын Камилла байқатпай бағып, қалт жіберер емес.

Үйіндегі дауды Жәнібек бұған жеткізген. Тарығып, қабағы ашылмай қойған соң қайтсін, бәйбішеге деп арзанқолдау бір машина сыйлаған.

Зырылдатып айдап жүр дейді. Сонан соң азуы қалса да ашуы аздап тарқаған сынды...

Өнеу иық тірестіріп отырғаны кім? Аузына дән құйып алған саршұнақтай қос ұрты бұлтиып жылмаң қағуын.

Көзі моншақтай майланып, Әсемнің құлағына әлденені сыбырайды кеп. Онысы назданып, мойнын оңды-солды бұрып жымияды.

Жаутаңдап Жәнібекке қараған. Қанын ішіне тартып сұрланып алса да сыр бермеді.

– Алаң етпе! Бәрі де орнында, – деді бұл сырт көрініске еркелей, баяғыдағыдай тәп-тәтті ернінен екі елі тілін сүйірлеп көрсетіп.

– Әлі-ақ табысып кетеміз. Жұрт сияқты ішіп-жеп отырайық.

Би басталсымен Жәнібекті жетектеп ортаға шыққан. Бірінен кейін бірін іліп ала жоғалған қуатты әуен дауыл көтеріп, жұрттың арқасын қоздырған.

Көгілдір сырға мен жүзікті жарқылдатып жанталаса биледі. Қамау тері алынған соң тіпті де бой берер болмады.

чае, – кошке с собакой в наследство оставляю.

...В белоснежном ресторане Астаны свадьба в самом разгаре. Рядом с белолицым парнем с красивыми усами, сидела и она в голубом платье, сверкая своими драгоценностями.

Да, здесь всё не так, как на родине. Астанчане народ странный. Никого не волнует, кто с кем пришёл, кто что ест и пьёт, во что одет... Как бы там ни было, публика здесь покультурнее.

Асем, сидевшая за другим столом, даже не посмотрела в их сторону. Каждое её движение – под незаметным, но пристальным присмотром Камиллы.

Жанибек осведомил её о домашнем скандале. Видя, как та страдает и переживает, пришлось «старшей жене» купить недорогую автомашину.

Говорят, гоняет всю. После подарка зубы хоть и точит, но прежняя злоба поубавилась...

А кто же это сидит рядом? Видно, проворный – с надутыми, как у суслика, набравшего в рот зерна, щёчками.

Блистая бусинками глаз, что-то успеваешь шептать Асем на ушко. Она же кокетливо улыбается и вертит по сторонам шей.

Внимательно посмотрела на Жанибека. Тот хоть и помрачнел, но виду старается не показывать.

– Не переживай. Всё в порядке, – улыбаясь, сказала Камилла и, как прежде, высунула меж сладкими губами кончик языка.

– Вот увидишь, ещё помиримся. Давай, как все – есть-пить и музыку слушать...

Когда начались танцы, потянула за руку Жанибека и вышла на середину. Головокружительная музыка затягивала гостей в свой водоворот и возбуждала людей.

И, наконец, переросла в настоящий вихрь. Камилла, блистая лазурными серьгами и кольцами, пустилась в самозабвенный танец. Разгорячённая, уже не могла остановиться.



Көптің арасынан Әсем де көрініп қалып жүр. Тер-белген талдырмаш бойлы, сұлу болмағанмен сүйкімді.

Ұялы қоңыр көздері мұнартып, екі беті алаулайды. Тек ырғалып емес, тұра қалып оң аяғымен паркетті теуіп секіреді.

Билеген түрі. Табанының сартылын естіген сайын «мені көрдің бе?» дегендей қиқу салады.

Мұның арқасында аузы аққа жарып, атқа мінген соң, алты қап жел кернемей қайтсін? Жер теппей қалай шыдасын?

Шындап ерегiссe, бәрiн сыпырып алып, тақыршаққа отырғыза қоярын сезе ме? Сезсе, иiлiп келiп сәлемдесуге жарамағаны несi?

Байын басы бүтiн тартып алса не iстер едi? Айына бiр аптаға босатып, иiскетiп тұрған жоқ па?

Осыны ойлағанда тiптi де дем басқысы келмедi. Көгiлдiр көйлектiң етегiн қайта-қайта үйiрiп, Жәнiбектi шыр көбелек айналды.

Жүрегi өрiкпiп, балтыры сыздағанын да елемедi. Орайлы сәтте тiзесiн бүге бере басын шалқақ жiберiп, әлi де ұстаған жанның уысын толтырар омырауын ерсiлi-қарсылы тербеп қалшылдатқан.

Қайтып көтерiле алмады. Көз алдына қызылды-жасылды шеңберлер қаптап кеттi...

Бiреудiң ащы даусы шыға ма? Мал қайырғандай, мәдени ортада мұнысы несi?..

Манадан берi Жәнiбек дегенi күйеуi екен ғой. Қалай аңдамаған?

Бәсе, ол мынау сияқты қутыңдап емес, құлашын жайып, мiне, осылай, көтерiлiп ұшатын ата қаздай мамырлап билеушi едi ғой.

Ана жүрген – енесi. Ол да тойға келген бе? Тiптi

В толпе танцующих иногда промелькнёт и Асем. Гибкая и изящная, не красавица, но – симпатичная.

Тронутый печалью робкий взгляд карих глаз, щёки покраснелись. Только танцевала, не покачиваясь в такт, а стуча правой ногой о паркет и подскакивая.

Такой уж, наверно, танец. Под стук каблука ещё и прикрикивает, будто хочет обратить на себя всеобщее внимание.

Конечно, поправив за чужой счет дела, сев на железного коня, трудно не раздуть ноздри. Как же устоять, на месте, не попинать землю?

Думает ли она, что в один миг может всего лишиться? А коли чувствует, то почему не соизволит подойти и с почтением поздороваться?

Чтобы она, дурёха, делала, если бы полностью лишилась мужа? Какая неблагодарная: в месяц отпускает его на одну недельку – разве что понюхать?

От сбивчивых и горьких мыслей Камилла совсем разошлась... Снова и снова, собрав в пригоршню подол своего голубого платья, она кружилась, порхая вокруг Жанибека.

Не обращая внимания на колики в сердце и боли в икрах. Улучив момент, выкинула на всеобщее обозрение, даже цыганский номер: на полусогнутых коленях, гордо откинув голову назад, начала колыхать своей всё ещё пышной грудью...

И только выпрямиться уже не сумела. Перед глазами вспыхнул сноп красно-зелёных кружочков...

Кто-то пронзительно кричит, что-ли? Что за причуды в культурном обществе: орут, как будто скот погоняют?..

Только что рядом был муж, а теперь вдруг – Жанибек. Как проглядела?

В самом деле, муж не изворачивается как этот малый, а раскрывает широкие объятия. Взмахивая руками, словно гусь крыльями, плавно танцует, словно хочет взлететь.

А вон ещё женщина – это её покойная свекровь.



бұған күлімсірей қарап қол бұлғайды. Жақсы адам екен ғой жарықтық. Тірісінде неғып байқамаған?

Иті мен мысығы неғып жүр? Олар да мынау жалған дүниенің биіне құмартқан-ау...

Сол бой тіктемеген қалпы шалқалай құлаған.

– Не сұрасаң соны берем! Құтқар! – деген Жәнібек жедел жеткен дәрігердің жағасына жармасып.

Ол шарасыз басын шайқай берді.

Құтырынған музыка қайтадан керней қағып, сырнай тартып жатты.

Тоже пришла на свадьбу? Улыбается ей и машет рукой. Незабвенная, какой хороший человек! – как же она не заметила этого раньше?

А что здесь потеряли её собака и кошка? Да, они тоже любили этот танец бренного мира...

Как стояла, на коленях, так и рухнула навзничь.

– Что попросишь, то и возьми! Спаси! – кричал Жанибек, схватив за грудки доктора прибывшей скорой помощи.

Тот лишь беспомощно качал головой.

А сумасшедшая громкая музыка с новой силой гремела и гремела.

Примечания:

Ляззат – с казахского «удовольствие, блаженство».

Сак – с казахского «настороженный, острожный, чуткий».

Терге – от слова «тергеу», в перев. «вести следствие, допрашивать, выпытывать»

Казы – казахская колбаса из конины.

Токал – так называют вторую жену

Шалаказак – метис(ка) или человек, не владеющий казахским языком

